

«Бекітілді»

Мектеп-лицей директоры

Али Тор


«31» май 2021 ж.



«Келісілді»

Директордың тәрбие ісі

жөніндегі орынбасары

 А.А.Гусейнов

«31» май 2021 ж.

**«SILK WAY мектеп-лицей» мекемесінің  
2021-2022 оқу жылына арналған  
тәрбие жұмысының жылдық жоспары**

Атырау қаласы

## **2021-2022 оқу жылшының тәрбие жұмысының жылдық есебі**

2021-2022 оку жылшының бастауыш сыйнаптар 13 сыйнаппен бастады. Оның ішінде қазақ сыйнаптары - 9, орыс сыйнаптары - 4.

Жыл басында үйірме жұмыстарына қатысу кестесі құрылды, оқушылардың қатынасуын қадағалау жұмысы жүргізілді.

Оку жылшының басында барлық оқушылар 100 % мектеп оқулықтарымен және мектеп формасымен қамтамасыз етілді. Ата- аналармен 2021- 2022 оку жылшының басталуына байланысты жиналыс жүргізіліп, сыйнаптардың ата- аналар комитеті сайланды.

Бірінші **қыркүйек** білім күніне алғашқы сабак өткізді. Сонымен қатар осы ай денсаулық құндылығы алға қойылды, сыйнапта түрлі шараптар, тәрбие сағаттары өткізді. 1-сыйнап ата-аналары арасында отбасына күніне байланысты «Толағай» отбасылық-эстафеталық сайысы өткізді.

**Қазан** айында құрмет құндылығымен жалғасып, сыйнап тәрбие сағаттары өтті. Қазан айының құндылығына байланысты балалардың бойындағы жақсы қасиеттерін хатқа жазып, балаларға да мұғалімдер тарапынан құрмет көрсетілітінін білдірілді. Бастауыш сыйнап оқушыларының арасында «Алтын құз» қолөнер көрмесі өткізіліп, оқушылар белсендік танытып, түрлі қолөнер бұйымдарын жасап атсалысты.

**Қараша** айында адалдық құндылығы бойынша тәрбие сағаттары және сыйнаппішілік іс-шаралар және мектеппішілік «Жоғалған кітап» акциясы мен өткізді. Сонымен қатар бастауыш сыйнаптар арасы «Кұз ханзадасы мен ханшайымы» байқауы болды.

**Желтоксан айы** патриотизм құндылығымен жалғасты. Құндылыққа байланысты сыйнап сағаттары мен тәрбие сағаттары өткізді. 1 – желтоксан Тұңғыш президент күніне орай сыйнап тәрбие сағаттары және кабырға газеттерінен сыйнаптар арасы сайыс өткізді. Және 1-3 арасында флешмоб сайысы 4-сыйнаптар арасында Тәуелсіздік викторинасы өткізді. Оқушылар жүлделі орындармен және номинациялармен марапатталды. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Ұлттық киім» қундері ұйымдастырылды.

«SilkWay» мектеп-лицеїі Әкелер кеңесі және «Рауан» қайырымдылық коры ұйымдастыруымен мүмкіншілігі аз отбасыларға «Сыйлық қорап» дайындалды. Мектебімізден ерікті отбасылар «Рауан» қайырымдылық корымен бірге жана жылдық қорапты әр отбасыға табысталды

**Қантар** айында табандылық құндылығы бойынша түрлі жұмыстар аткарылды. Оқушыларды табандылыққа баулу мақсатында сыйнаппішілік іс-шаралар мен тәрбие сағаттары жүргізілді. Ай бойы бастауыш сыйнап оқушылар үрмелбұршақ өсіріп, әр сыйнап бойынша ең ұзын болып өскен үрмелбұршақ иелері марапатталды.

**Ақпан** айында кемелдену құндылығына байланысты түрлі шаралар өтті. Атап айттар болсақ дене шынықтыру сабактарында эстафеталық жарыстар, «Оқырман ұрпақ» кітап оқу акциясы, «Менің әуестік әлемім» шығаршылық байқауы өткізілді.

**Наурыз** айы ұлттық құндылықтар құндылығымен жалғасты. 1-Наурыз – Алғыс айту күнінде оқушылар өз алғыстарын ұстаздарға, мектеп қызметкерлеріне білдірді. 8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай әр сынып аналарына арнап мерекелік кеш өткізді.

Ұлттық құндылықтар айына байланысты бір ай бойы «Мәдениетім – мақтанышым» ұлттық киім кио чөлленді ұйымдастырылды. Және сыныптар арасы үзіліс уақыттарында ұлттық ойындар ойнатылды. Мектепішілік Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесі аталып өтілді.

**Сәуір** айында жомарттық құндылығына байланысты сыныптарда тәрбие сағаттары, сыныпшілік және сыныптан тыс шаралар өткізілді. Бастауыш сыныптар арасы «Досыма кітап сыйлаймын» кітап сыйлау акциясы және мектепішілік «Мейірім-Fest» қайырымдылық жәрменкесі өткізілді.

**Мамыр** айында достық құндылығына байланысты тәрбие сағаттары, сыныпшілік іс-шаралар өткізілді. 1 Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Бірлігім жараскан» өнер фестивалі өткізілді. 7-9 мамыр күндеріне арналған сыныпшілік тәрбие сағаттары өтілді.

4-сынып окушыларына бастауышпен қоштасу кешін ұйымдастырылды. 25-мамыр күні «Сынғырла, соңғы қонырау» салтанатты жиыны өткізілді.

**Ата-аналар жиналышы** жылына ресми 2 рет өткізіліп психологиялық тренингтер, тақырыптық баяндама, тоқсандық қорытындылар және алдағы міндеттер туралы мәселелер қозғалды.

Бастауыш сыныптардың ДТІЖО

Тажибаева П.Е.